

LANGUAGE INTERPRETATION

[Read More](#)



WORLD LANGUAGE



SUPRA-REGIONAL
LANGUAGES



ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АУДАРМАДАҒЫ ОРНЫ


LANGUAGE INTERPRETER



Осы он жыл ішінде аудармашының жұмысының сипаты мен оған қойылатын талаптар айтарлықтай өзгерді. Біріншіден, өзгерістер ғылыми, техникалық, қызметтік және іскери құжаттаманы аударуға қатысты болды. Әдетте, ақпараттық технологияны пайдаланып мәтінді аудару жеткіліксіз екені барлығымызға белгілі. Тапсырыс беруші аудармашыдан дайын құжаттың дизайны осы елде қабылданған стандарттарға жауап бере отырып, түпнұсқаның сыртқы түріне барынша дәл сәйкес келеді деп күтеді. Сондай-ақ, аудармашыдан сол тақырып бойынша бұрын орындалған тапсырыстарды тиімді қолдана білу талап етіледі, ал жұмыс беруші өз кезегінде мәтіннің қайталанатын немесе соған ұқсас үзінділерін аудару кезінде уақыт пен ақшаның айтарлықтай үнемделуін күтеді. Бұл шарттарға тек қана аудармашы тек ана тілін және шет тілдерін жетік меңгеріп, таңдаған пәндік саласын терең оқып, сонымен қатар заманауи компьютерлік технологияларға сенімді бағдарланған жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі уақытта аудармашының қызметін ақпараттық технологияны пайдаланбай елестету мүмкін емес. Қазірдің өзінде жұмыс іздеу кезеңінде аудармашы әртүрлі сайттарға, әлеуетті клиенттердің электронды мекен-жайларына, түйіндемелерін жіберуге және т.б.на ақпараттық технологияны пайдаланады. Кейінгі аударма үшін мәтінді қабылдау, тапсырыс берушімен байланыс және аудармашының бұдан кейінгі қызметі ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылады.






Егер аудармашы ақпаратты технологияны қолданып қазіргі жағдайда аударма жасайтын болса көптеген қиындықтарға алып келуі мүмкін. Себебі қазіргі кезде әр тілде жаңа сөздер шығарылып, жаңа жаргондар қосылып, кірме сөздердің саны артуы мүмкін сондықтан ақпараттық технология аудармашы жұмысын жеңілдетуге қажетті бір бөлшек болып есептеледі.



shutterstock.com · 1404827486



Аудармада ақпаратты технологиялардың көмегімен ғана аударма жасайтын болсақ көптеген қателіктерге алып келеді. Аударма кезінде солай интернет арқылы аударған кезде ол бізге тек тура аударма беріледі. Технологиялық аударма аударманың мағынасын ашып аударма алмайтындықтан да жақсы аудармаға қол жеткізу үшін аударманың көп бөлігін аудармашының өзі жасайтын болады.

Компьютерлік аударма қиын, бірақ қызықты ғылыми міндет. Оның басты қиындығы - табиғи тілдерді формализациялау қиын. Мазмұны мен формасы өзгермеген нысаны ретінде қызмет ететін МР жүйелерін қолдану арқылы алынған мәтіннің сапасы төмен болып келеді. Алайда, машиналық аударма идеясы бұрыннан келе жатыр.

Қорытынды

Қазіргі уақытта компьютерлер тек бағдарламашылар мен инженерлер арасында ғана емес, сонымен қатар шетелдік ақпаратты жылдам аударуды қажет ететін тіл мамандары мен аудармашыларды қоса алғанда, көптеген пайдаланушылар арасында маңызды орын алады. Осыған байланысты электронды сөздіктер мен машиналық аударма бағдарламалары уақытты үнемдеуге және шет тіліндегі ақпаратты түсіну процесін оңтайландыруға арналған өте ыңғайлы құрал болып табылады. Сонымен қатар, қазір шетелдік мәтіндердің немесе адекватты аудармасын жасай алатын және әртүрлі саладағы мамандардың жұмысына көмек болатын аударма бағдарламалары бар.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ❖ Семенов А. Л. Қазіргі ақпараттық технологиялар және аударма «Академия» баспа орталығы, 2008
- ❖ Ақпараттық қоғамның әлеуметтік аясы
- ❖ Комиссаров В.Н. Қазіргі аударма